

ЖҮЛДЕЛІ ОРАЛДЫ

Мұрат

ЖҮНІСҰЛЫ

Теміртау қаласында Азия және Әлем Чемпионы Балтабек Қызметті еске алуға арналған жауынгерлік самбодан 1998-1999 жылы туған жастар арасында өткен Қазақстан Республикасының Чемпионатында арқалықтық жас балуан Серік Есенгелді 48 келі салмақ дәрежесінде I орынды жеңіп алды.

Арқалықтың балуандары бұған дейін де спорттың осы түрінен топ жарған еді.

Жас берендер Наурызбай Шілдебаев пен Жан Сәбит салған сара жолды енді ізбасарлары жалғастырып отыр.

Серік Сырбайұлы киелі Торғай топырағының тумасы. Бүгінде ол ұлы ағартушы Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының дене мәдениеті және спорт кафедрасының IV курс студенті.

расының IV курс студенті.

– Жастайымнан спортпен айналыстым. Үйдегі бес баланың үлкенімін. Үздіксіз дайындалып үлкен жетістікке жетсем деген арманым болды.

Ауданда қазақ күресімен айналыстым. Менің спортқа келуіме алғашқы бапкерім Ерлан Әлиев ағайым зор еңбек сіңірді.

Қалада жауынгерлік самбодан спортшылар дайындайтынын досымның айтуымен біліп, қызығушылық таныттым. Жеңіске жол ашқан жаттықтырушым Мылтықбай Әбдуаитовқа зор алғысымды білдіремін, – дейді балуан.

Жеңімпаз жас ұлан қазір алдағы қараша айында Қостанай қаласында жауынгерлік самбодан ересектер арасында өтетін Қазақстан Чемпионатына дайындықты бастап кетті.

Арқалық қаласы.